

Экономическая география
Экономикалық география
Econometrical geography

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2025-4-165-179.53>

FTAMP 05.11.27
ӨОК 314.7

Р. Ж. Келинбаева¹, Б. К. Сарсенова*²

¹ PhD, жетекші ғылыми қызметкер

(Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан; zhar80@mail.ru)

²* Докторант (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан; bayansulusarsenova@gmail.com)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ХАЛҚЫНЫҢ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КӨШІ-ҚОНЫ

Аннотация. Мақала демографиялық өзгерістер мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық трансформациясы тұрғысынан Орталық Азия елдеріндегі көші-қон үдерістерінің үрдістерін кешенді талдауға арналған. Орталық Азияның жекелеген елдерінің және әлемдік деректер банктерінің (Дүниежүзілік банк, ХҚҰ, БҰҰ) ресми статистикалық деректері негізінде 2010-2023 жылдар кезеңіндегі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстандағы ішкі және сыртқы көші-қонның негізгі үрдістері анықталды. Көші-қонның ұлттық экономикалар тұрақтылығына, инфрақұрылымның дамуына, еңбек нарығына және халықтың әлеуметтік ұтқырлығына (мобильдігіне) әсерін бағалауға ерекше назар аударылады. Жоғары білікті кадрлардың сытылуы, бірқатар мемлекеттердің еңбек мигранттарының ақша аударымдарына тәуелділігінің артуы және алыс шетелдермен жаңа көші-қон байланыстарының қалыптасуы сияқты құбылыстар бөлек қарастырылады. Мақалада қарастырылған көші-қон үдерістері мен БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ 8, ТДМ 10 және ТДМ 11) іске асырудағы өзара байланысқа ерекше назар аударылған. Жүргізілген талдау өңірдің ұзақ мерзімді даму тұрақтылығы үшін жаңа тәуекелдердің көзі болуымен қатар ішкі әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлерге бейімделу факторы ретіндегі көші-қонның қосарлы рөл атқаратыны жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: халықтың көші-қоны, Орталық Азия, орнықты даму, ТДМ, әлеуметтік-экономикалық даму.

Кіріспе. Тарихи тұрғыдан Орталық Азия Еуразияда маңызды геосаяси және геостратегиялық позицияны иеленді, Батыс пен Шығыс арасындағы көпір қызметін атқарды. Орталық Азияның бірегейлігі оның географиялық орналасуына және табиғи ресурстардың болуына байланысты. Бұл ерекшеліктер Орталық Азияның көші-қон үдерістеріндегі ерекше рөлін анықтады, ол өңір елдерінің әлеуметтік құрылымын, демографиялық серпінін және саяси өзгерістерін қалыптастырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Бүгінде Орталық Азия осы өңірдің іргетасын құрайтын Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан сияқты бес мемлекетпен танылады.

Кеңестік кезеңде Орталық Азия елдерінде ең маңызды көші-қон өзгерістері болды. Индустрияландыру, ұжымдастыру, тың жерлерді игеру аймақтың саяси жүйесінде, этносаралық байланыстарында, демографиялық құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық үдерістерінде көрініс тапты.

Орталық Азиядағы халықтың көші-қоны БҰҰ 2015 жылы бекіткен Орнықты даму мақсаттарына (ТДМ) [1, 2] қол жеткізуге тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Кеңес

Одағы ыдырағаннан кейін көші-қон ағындары жаңа сипатқа ие болды: жақсы өмір сүру жағдайларын іздеудегі ішкі қозғалыстар, шетелге, әсіресе Тәжікстаннан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан жаппай еңбек көші-қоны белең алды. Мигранттардың ақша аударымдары бүгінде осы елдердің ЖІӨ-нің едәуір бөлігін құрайды, бұл көптеген отбасылардың өмір сүру деңгейін жақсартуға (ТДМ 8) және кедейлікпен күресуге (ТДМ 1) ықпал етеді. Оған қоса, сыртқы табысқа жоғары тәуелділік экономиканы сыртқы күйзелістерге осал етеді. Көші-қон сонымен қатар аймақ елдерінде де, олардың арасында да әлеуметтік теңсіздіктің төмендеуіне әсер етеді (ТДМ 10). Алайда, мигранттар көбінесе кемсітушілікке ұшырайды, қабылдаушы елдерде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғауға қол жетімділігі шектеулі. Бұл мигранттардың құқықтары мен әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды талап етеді. Көші-қон әсерінен Орталық Азияның ірі қалаларының дамуы қалалық ортаның орнықты даму міндеттерін шешумен байланысты (ТДМ 11). Урбандалу инфрақұрылымға, жұмыс орындарына және қолжетімді баспанаға сұранысты арттырады, сонымен бірге экологиялық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі және экологиялық жағдайдың нашарлауы аймақ ішіндегі көші-қонның жанама себептеріне айналады, бұл көші-қон мен климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл арасындағы байланысты ескеру қажеттілігін көрсетеді (ТДМ 13).

Бүгінде Орталық Азия елдері адам құқықтарын сақтауға, адами капиталды дамытуға (ТДМ 16) және орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған неғұрлым кешенді көші-қон саясатын қалыптастыру жөнінде күш салуда. Көші-қон мәселелерін ТДМ-на қол жеткізудің ұлттық стратегияларына интеграциялау маңызды міндет болып табылады, бұл неғұрлым орнықты, инклюзивті және әділ қоғамдар құруға мүмкіндік береді.

Жаһандану және өңірлік динамиканың тұрақсыз жағдайында көші-қон үрдістерін талдау ерекше өзектілікке ие болып отыр. Бұл Орталық Азия елдерінің әлеуметтік және экономикалық дамуы жолында кездесетін мүмкіндіктер мен қауіптерді айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жүргізу үшін сандық және сапалық талдау әдістері пайдаланылды, бұл орнықты даму мақсаттары контекстінде Орталық Азия елдеріндегі көші-қон үдерістерін кешенді тәсілдермен зерделеуді қамтамасыз етті.

Сандық тәсіл көші-қон ағындарының ауқымы мен бағыттарын, мигранттардың жынысы, жасы, тағайындалған елдері бойынша құрылымын және халықаралық жеке ақша аударымдарының динамикасын көрсететін статистикалық мәліметтерді жинау мен өндеуді қамтыды. Деректердің негізгі көздері – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан Ұлттық статистикалық агенттіктерінің ресми есептері мен дерекқорлары [3, 4, 5, 6, 7], сондай-ақ халықаралық ұйымдардың ашық ресурстары (БҰҰ көші-қон қызметі, Дүниежүзілік банк, ХЕҰ және т.б.) [8]. Бұл зерттеу ресми деректерге негізделген, бірақ аймақтағы көші-қон ағындарының статистикасында, әсіресе мигранттарды бейресми жұмыспен қамту бөлігінде айтарлықтай олқылықтар бар екенін ескеру маңызды.

Сапалық талдау аясында өңір елдеріндегі көші-қон үдерістерін реттейтін бағдарламалық және стратегиялық құжаттарға контент-талдау жүргізілді. Оларға көші-қон саясатының ұлттық тұжырымдамалары, жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру жөніндегі құжаттар кірді. Зерттеуде көші-қонды басқару тәсілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары мен оның тиімділігін анықтауға ерекше назар аударылды. Әсіресе, заңсыз және уақытша еңбек көші-қоны бойынша ресми ақпараттың шектеулі жағдайында қосымша индикатор ретінде халықаралық ақша аударымдары бойынша деректер пайдаланылды. Бұл деректер мигранттардың экономикалық белсенділігін ғана емес, сонымен қатар сыртқы еңбек көші-қонының ауқымын да көрсетеді. Аталған көрсеткіштер еңбек мигранттарының санын, қаражат алушы және жіберуші елдердің құрылымын жанама түрде бағалауға, сондай-ақ жылдар бойынша үрдістерді айқындауға мүмкіндік береді.

Көші-қон үдерістерін кеңістіктік визуализациялау және олардың географиялық таралуын талдау үшін ArcGIS және QGIS платформаларын қолдана отырып, геоақпараттық әдістер қолданылды. Құрастырылған тақырыптық карталар өңірлік айырмашылықтарды, көші-қон ағындарының бағыттарын, сондай-ақ аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен көші-қон ауқымы арасындағы өзара байланысты көрсетуге мүмкіндік берді. Зерттеудің әдіснамалық негізі демография, социология, экономика, география және саясаттану элементтерін

қамтитын пәнаралық әдіснамалық тәсілге сүйенеді. Әдеби шолу, статистикалық талдау және геоақпараттық модельдеуді ұштастыра отырып қолдану Орталық Азия елдеріндегі көші-қонның сипаты, динамикасы мен салдары жөнінде кешенді және көпқырлы түсінік алуға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу. Орталық Азиядағы көші-қон үдерістері ғылыми зерттеулердің өзекті бағыты болып қала береді, өйткені олар өңірдегі демографиялық дамуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайға және мемлекеттік саясатқа айтарлықтай әсер етеді. Халықтың қозғалысының қай түрін алсақ та: еңбек, мәжбүрлі немесе этникалық көші-қон болсын – еңбек нарығына, әлеуметтік тұрақтылыққа және интеграциялық үдерістерге тікелей әсер етеді. Көші-қонның классикалық теорияларының қалыптасуы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталды. Бұл теориялар халықтың қоныс аудару себептері мен тетіктерін түсіндіреді.

Көші-қонның алғашқы теоретиктерінің бірі – британдық демограф Эрнст Равенштейн өзінің "Көші-қон заңдары" (The Laws of Migration) атты еңбегінде [9] көші-қон үдерістерінің негізгі заңдылықтарын тұжырымдады. Ол, көші-қон, әдетте, кезең-кезеңімен жүретінін анықтады: алдымен қоныс аудару жақын қалаларға, содан кейін алыс аймақтарға ("сатылы көші-қон" принципі) өтеді. Равенштейннің пайымдауынша, көші-қонның негізгі ынталандырушысы – экономикалық факторлар: адамдар өмір сүру мен жұмыс істеуге қолайлы аймақтарды іздейді. Сондай-ақ ол әйелдердің көбіне ел ішінде қоныс аударатынын, ал ерлердің – шетелге шығатынын атап көрсетті. Американдық әлеуметтанушы Эверетт Ли Равенштейннің көзқарасын push және pull көші-қон факторларын бөліп көрсету арқылы толықтырды [10]. Ол төмен жалақыны, саяси тұрақсыздықты, экологиялық проблемаларды және болашақтың жоқтығын push факторларына (итермелеуші) жатқызды. Pull факторларына (тартушы) жоғары табыс деңгейі, тұрақтылық, әлеуметтік игіліктерге қол жетімділік және мансаптық өсу мүмкіндіктері кіреді. Экономистер Харрис пен Тодаро көші-қонды экономикалық рационалдық тұрғысынан түсіндіретін [11] үлгісін ұсынды. Олардың теориясы бойынша, әлеуетті мигранттар кететін және келетін өңірлердегі табыс айырмашылығына қарай шешім қабылдайды, тіпті уақытша жұмыссыздық жағдайында да көшуді жөн көреді. Көші-қонның заманауи тұжырымдамалары жаһанданудың, цифрлық технологиялардың және трансұлттық байланыстардың әсерін ескереді. Мысалы, Глик Шиллер, Баш және Блан-Сзантон трансұлттық көші-қон теориясын жасады [12]. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, мигранттар өзінің отанымен байланысты үзбейді, екі қоғамда қатар өмір сүреді. Кастлз бен Миллер көші-қонның «тізбекті» сипатын түсіндіретін теория ұсынды: алғаш қоныс аударған адамдар кейінгілердің көшіп келуіне және бейімделуіне жәрдемдеседі [13].

Орталық Азия үшін қайтымды көші-қон тұжырымдамасының маңызы ерекше [14]. Ол аймақ елдері мен Ресей арасындағы қайталанатын көші-қон ағындарын түсіндіреді. Бұл үдеріс маусымдық және уақытша еңбек сапарларымен байланысты, ол көптеген отбасылар үшін экономикалық стратегияның негізгі элементіне айналған. Көші-қон үдерістерін түсіндірудің тағы бір тәсілі – Еңбек нарығының жаңа экономикасы теориясы (О. Старк [15]). Бұл теория бойынша, көші-қон туралы шешім жеке тұлға деңгейінде емес, отбасы не шаруашылық деңгейінде қабылданады, бұл қоныс аударуды анағұрлым стратегиялы етеді.

Қазіргі академиялық зерттеулерде зияткерлік көші-қон жаһандық көші-қон үдерістерінің орталық бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Классикалық тәсіл аясында, 1962 жылы Британдық Корольдік қоғамының баяндамасында негізделген «brain drain» (ақыл-ойдың сытылуы) ұғымы – ғалымдар мен білікті мамандардың шетелге жұмыс істеу үшін кетуі ретінде түсіндіріледі [16]. Кең мағынада бұл құбылыс ғылыми-техникалық қызметкерлердің ғана емес, сонымен қатар шетелде білім алып, сол жақта қалатын студенттер мен креативті индустрия өкілдерінің трансшекаралық көші-қонын да қамтиды. [17]. Ғылыми әдебиеттерде зияткерлік көші – қонды түсіндірудің екі негізгі тәсілі бар: "ақыл-ойдың сытылуына" бағытталған классикалық және қазіргі заманғы – "білім мен тәжірибе алмасу" (brain exchange). Біріншісі көші-қонды донор ел үшін шығын ретінде қабылдауды қамтиды (нөлдік ойын), ал екіншісі өзара тиімділікке және барлық тараптардың дамуына мүмкіндік ретінде қарастырылады.

COVID-19 пандемиясы көші-қондық өзгерістердің катализаторына айналып, білім беру, денсаулық сақтау және экономика салаларындағы цифрлық технологиялардың маңызды рөлін айқындады. Бұл үдерістер дамушы елдерден дарынды мамандардың кетуін үдетіп, технологиялық және инновациялық артта қалу қаупін күшейтті.

Дамыған мемлекеттер, әдетте, зияткерлік көші-қонның циркуляциялық моделіне көбірек тартылса, ал әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан осал кіші мемлекеттер адам капиталының тұрақты жоғалуына тап болып отыр. Бұл олардың тұрақты даму әлеуетін әлсіретуде. Мұндай үрдіс Орталық Азия елдерінде де айқын байқалады – олар жоғары білім беру әлеуетіне ие болғанымен, жас мамандар мен ғалымдарды елде ұстап қалуға жағдай жасау жолында қиындықтарға тап болуда.

Тұрақты даму мақсаттарын (әсіресе, ТДМ 4 – Сапалы білім, ТДМ 8 – Дәйекті экономикалық өсім және лайықты еңбек, ТДМ 10 – Теңсіздікті азайту) жүзеге асыру аясында зияткерлік мигранттардың елге қайтуын ынталандыру, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту және білім трансферінің тиімді тетіктерін қалыптастыру өңір үшін аса маңызды міндетке айналып отыр.

Соңғы онжылдықтарда зерттеушілер трансұлттық көші-қон ағындарына [18], көші-қонның аймақ елдерінің экономикалық дамуына әсеріне [19] және көші-қонды реттеу бойынша мемлекеттік стратегияларға [20] ерекше назар аударып келеді. Бұл тұрғыда Н. Т. Агафонов, А. А. Анохин, Д. И. Богорад, В. Г. Давидович, О. А. Константинов, С. Б. Лавров, Г. М. Лаппо, В. В. Покшишевский, Ж. А. Зайончковская, В. И. Переведенцев, Л. Л. Рыбаковский сияқты ғалымдардың еңбектері айтарлықтай үлес қосты. Олардың еңбектері кең ауқымды көші-қон үдерістерін, оның ішінде урбанистік және экономикалық аспектілерді қамтиды.

Қазақстандағы көші-қонды зерттеу Е. Ю. Садовская, А. Т. Забирова, Т. В. Климованың еңбектеріне негізделген, ал әлеуметтік-демографиялық аспектілер С. К. Өтешов, М. Тәтімәнов және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Орталық Азияның көші-қонын зерттеудің заманауи тәсілдері классикалық теорияларды, заманауи зерттеулер мен аймақтық ерекшеліктерді біріктіретін кешенді талдауды қажет етеді. Аймақтағы көші-қон тек экономикалық құбылыс емес, сонымен бірге, бұл оны ғылыми зерттеудің маңызды объектісіне айналдырған өмір сүрудің әлеуметтік стратегиясы болып табылады.

Нәтижелер. Соңғы онжылдықтарда Орталық Азия елдеріндегі халық саны сапалық және сандық тұрғыдан айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық Азия елдерінің халқы шамамен 83 млн адамды құрады, оның ішінде Өзбекстанда – 37,7 млн адам, Қазақстанда – 20,3 млн адам, Тәжікстанда – 10,5 млн адам, Қырғызстанда – 7,3 млн адам, Түрікменстанда – 7,1 млн адам. Орталық Азия өңірі елдерінің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық келбетін қалыптастыруда көші-қон үдерістері маңызды рөл атқарады. Соңғы онжылдықтар ішінде бұл аймақ бірқатар ірі трансформацияларды бастан кешірді. Атап айтқанда, Кеңес Одағының ыдырауы, нарықтық экономикаға көшу, урбандалу, сондай-ақ еңбек нарығының құрылымдық өзгерістері. Көші-қон (ішкі және сыртқы көші-қонды қатар алғанда) халықтың жаңа жағдайларға бейімделуінің негізгі нысандарының біріне және сонымен бірге ұлттық экономикалардың тұрақтылығына, инфрақұрылымның дамуына және әлеуметтік құрылымның өзгеруіне әсер ететін факторға айналды.


2010–2021 жылдар аралығындағы қазіргі Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің ерекшеліктері бар. 2000 жылдардың соңынан бастап сыртқы көші-қон сальдосының азаюы тұрақты үрдіске айналды. 1990-жылдардағы дағдарыстан кейін алғаш рет 2012 жылы Қазақстанда көші-қон сальдосы теріс көрсеткішке ие болды (–1,4 мың адам). Халықтың ең көп кету үрдісі республиканың солтүстік және шығыс өңірлеріне тән. Бұл аймақтардан қоныс аударушылардың басым бөлігі славян тектес азаматтар, олардың шамамен 90%-ы Ресей Федерациясын қоныс аудару бағыты ретінде таңдайды (1-сурет). Оңтүстік өңірлерден қоныс аударушылар көбінесе Өзбекстан бағытында шоғырланған.

Ел үшін өзекті мәселелердің бірі – жоғары білікті мамандардың сыртқа кетуі (brain drain). Осыған байланысты соңғы жылдардағы көші-қон саясаты бизнес-иммиграция, сондай-ақ еңбек және этникалық мигранттар арасынан білікті кадрларды тартуға бағытталған.

Осы шаралардың нәтижесінде, 2022–2023 жылдары көші-қон сальдосының оң көрсеткішке ие болуы байқалды (2-сурет).

Қазақстандықтар үшін алыс шетелдер арасында ең танымал эмиграциялық бағыт – Германия.

Қырғызстан халық санына қатысты сыртқы көші-қонның ең жоғары деңгейімен сипатталады. 2000 жылдардың ортасынан бастап елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты көші-қон ағындарының күшеюі байқалды: жұмыс орындарының жетіспеушілігі,




1-сурет – Орталық Азия елдері облыстары халқының көші-қон салдосы (адам 2022 ж.).

Ескерту: авторлар ArcGIS бағдарламасы көмегімен құрастырған карта

Figure 1 – Migration balance of the population of the regions of Central Asian countries (person 2022).

Note: map compiled by the authors using the ArcGIS program



2-сурет – 2010 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерістерінің серпіні. ҚР stataгенттігінің ресми деректері <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>

Figure 2 – Dynamics of migration processes in the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2023. Official data of the state agency of the Republic of Kazakhstan <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>



3-сурет – 2011-2023 жылдар аралығындағы Қыргызстандағы көші-қон үдерістерінің серпіні.
ҚР Ұлттық статистика комитетінің ресми деректері <https://www.stat.gov.kg/ru/statistics/naselenie/>

Figure 3 – Dynamics of migration processes in Kyrgyzstan from 2011 to 2023.


Official data of the National Statistics Committee of the Republic of Kazakhstan <https://www.stat.gov.kg/ru/statistics/naselenie/>

жұмыспен қамтылған азаматтар арасында күнкөріс деңгейінің төмендігі, сондай-ақ халықты әлеуметтік қолдау шараларының болмауы. 2022 жылы көші-қон балансының +5 917 адамға жетіп, оң сипат алуы – елдегі көші-қон көрінісіндегі маңызды өзгеріс болып табылады (1 және 3-сурет).

Қыргызстанның көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаты негізінен көші-қонының динамикасын қолдауға бағытталған, бұл ішкі еңбек нарығын тұрақтандыруды көздейді. Алайда, зияткерлік эмиграцияның "жасаруы" ерекше алаңдаушылық туғызуда. Бұл елде білім беру, ғылым және өнеркәсіп салаларында білікті мамандардың жетіспеушілігіне әкеп соғуда. Эмигранттардың басым бөлігі Ресейге (89%) қоныс аударады (1-сурет). Ұлттық құрамына келсек, Ресейге кететіндердің ішінде қырғыздар, өзбектер және орыстар бар. Ал Қазақстанға қоныс аударатындардың ішінде қырғыздар басым. Өзбекстанға көшетіндердің көпшілігін этникалық өзбектер құрайды – олар жалпы мигранттар санының үштен екісінен астамын құрайды.


Соңғы елу жылда *Өзбекстан* халқы үш есеге жуық өсіп, 2023 жылы 35 миллионнан асты. Халықтың едәуір бөлігі – жастар (60%-ға дейін), бұл елде жыл сайын 500–600 мың адамға артып отыратын еңбек ресурстарының тұрақты өсуіне себеп болуда. Осылайша еңбек әлеуетінің 40%-дан астамы Өзбекстанға тиесілі, бұл оны Орталық Азиядағы жетекші елдердің біріне айналдырады. 4-суреттен байқағанымыздай, қазіргі заманғы маңызды үрдіс – сыртқы көші-қонның жалпы көлемінің қысқаруы, яғни елге келу мен елден кету ағындарының азаюы. Бұл ретте эмиграциялық ағынның азаюы ерекше байқалады. Көші-қон ағынының төмендеуіне ықпал еткен жағымды үрдістер – елде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы. Жұмыс орындарының көбеюі, табыс деңгейінің өсуі мен өмір сүру жағдайының жақсаруы алдағы уақытта сыртқы еңбек көші-қоны көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ресей Өзбекстаннан шыққан мигранттар үшін негізгі бағыт ретінде қалуда. Қазақстан да Өзбекстан үшін маңызды көші-қон серіктесі саналады. Соңғы жылдары Оңтүстік Корея және Түркиямен де еңбек нарығына бағытталған орталықтандырылған бағдарламалар арқылы ынтымақтастық артып келеді.

Тәжікстанда халық санының жедел өсу қарқыны (2000–2024 жылдар аралығында халық саны 40%-ға артты) және еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар үлесінің ұлғаюы (2020 жылы – 59,8%) бұл елді демографиялық тұрғыдан ең белсенді мемлекеттердің біріне айналдырды. Алайда, ел әлі де экономикалық тұрғыдан ең осал мемлекеттердің қатарына кіреді. 2000 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Тәжікстан жаппай көші-қон ағынынан бастап, көші-қондық сальдоның нөлдік деңгейіне дейінгі жолдан өтті, бұл соңғы жылдары елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың белгілі бір тұрақтануын көрсетеді (5-сурет).



4-сурет – 2010-2023 жылдар аралығындағы Өзбекстандағы көші-қон үдерістерінің серпіні. Статистика бойынша ӨРҮК ресми деректері <https://www.stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demography>

Figure 4 – Dynamics of migration processes in Uzbekistan in the period from 2010 to 2023. Official data of the NSC of RU on statistics <https://www.stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demography>



5-сурет – Тәжікстан Республикасындағы көші-қон үдерістерінің серпіні 2010-2023 жж.

ТР Статистикасы бойынша ресми ақпарат агенттігінің деректері <https://www.stat.tj/ru/vypushen-statisticheskij-sbornik-demograficheskij-ezhegodnik-respubliki-tadzhikistan-2024/>

Figure 5 – Dynamics of migration processes in the Republic of Tajikistan in 2010-2023.

Data from the official news agency on Statistics of TR <https://www.stat.tj/ru/vypushen-statisticheskij-sbornik-demograficheskij-ezhegodnik-respubliki-tadzhikistan-2024/>

ЖІӨ жылына 7% деңгейінде тұрақты өсіп келе жатқанына қарамастан, жұмыс орындарының өсу қарқыны айтарлықтай төмен – небәрі 1,1%, бұл әсіресе жастар үшін жеткілікті жалақысы жоғары бос жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Азаматтық соғыс аяқталғаннан кейін Тәжікстаннан шығатын көші-қон ағындарының географиясы кеңейіп, оған Қазақстан, Қытай, БАӘ, Ауғанстан, АҚШ және Оңтүстік Корея елдері қосылды [21].

Осылайша, Орталық Азия елдерінде халық санының табиғи өсу қарқыны жоғары болып, еңбекке жарамды азаматтардың саны артқанымен, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы мен еңбекақының төмендігі салдарынан сыртқы көші-қонда негізінен жұмыс күшінің еңбек көші-қоны басым [22].

Аталған үдерістер БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 8-мақсатымен тығыз байланысты, ол тұрақты экономикалық өсуді ынталандыруға, толық және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ лайықты еңбек жағдайларын қалыптастыруға бағытталған.

Географиялық ерекшеліктеріне байланысты Тәжікстан Орталық Азия елдерінің ішінде климаттың өзгеруіне ең осал мемлекет болып саналады. Елдің климаттық өзгерістер салдарымен күресу бейімділігі төмен және табиғи апаттар қаупіне ұшырағыштығы жоғары. Ел аумағының басым бөлігі құрғақ және шөлейтті аймақтарға жатады. Климаттық қауіптер ауыл шаруашылығының дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізіп, топырақтың құнарлылығын төмендетеді, жер деградациясын тудырады және табиғи апаттардың жиілеуіне алып келеді. Тәжікстанда жыл сайын 500-ге жуық табиғи апат тіркеліп, олардың салдарынан экономикаға келетін шығын көлемі 20-дан 100 миллион АҚШ долларына дейін жетеді. Мұздықтардың еруі, негізгі өзен ағысының ауытқуы және оның электр энергиясын өндіруге, ауыл шаруашылығының өнімділігіне әсері елдің экономикалық дамуына тікелей ықпал етеді. 2023 жылы елдің ЖІӨ 8,3%-ға өсіп, 11 855 млн АҚШ долларына жеткенімен, жан басына шаққандағы ЖІӨ небәрі 1 141 долларды құрап, бұл көрсеткіш өңірдегі ең төменгілердің бірі болып қалуда.

Тәжікстанның экономикасы жеткілікті түрде әртараптандырылмаған және сыртқы қарыз дағдарысы қаупі жоғары болғандықтан, ел еңбек мигранттарының ақша аударымдарына қатты тәуелді. Сонымен қатар, көші-қон 1990-жылдары басталған деиндустриализация және деурбандалу үдерістерімен тығыз байланысты. Қазіргі таңда еңбек мигранттарының ақша аударымдары елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 40%-ын құрайды – бұл әлем бойынша салыстырмалы түрде ең жоғары көрсеткіштердің бірі (6-сурет).



6-сурет – 2023 жылғы еңбек мигранттарының ақша аударымдарының ЖІӨ-дегі үлесі (%).

Ескерту: авторлар https://www.migrationdataportal.org/international-data?i=stock_abs_origin&t=2024&cm49=398 дереккөз негізінде құрастырған


Figure 6 – Share of migrant money transfers in GDP in 2023 (%).

Note: authors compiled on the basis of a source

https://www.migrationdataportal.org/international-data?i=stock_abs_origin&t=2024&cm49=398

Сондай-ақ, Қырғызстандағы аударымдардың үлесі жоғары, 2023 жылы елдің ЖІӨ-нің 22,3%-ын құрады. Қырғызстанға ақша аударымдарының негізгі көзі Ресей болып табылады, ол жалпы ағынның 93% құрайды. Бұл қырғыз еңбек мигранттарының едәуір бөлігі Ресей Федерациясында жұмыс істейтіндігімен түсіндіріледі.

2000 жылдардың басынан бастап еңбек мигранттары елдердің сыртқы кірістерінің негізгі көзіне айналды, бұл Орталық Азия елдері мен Ресей арасындағы тұрақты көші-қон байланыстарының қалыптасуына әкелді. Еңбекке қабілетті халықтың елеулі бөлігі елден тыс табыс тауып, демографиялық өсім экономикалық дамудың ажырамас факторы болып отыр. Ақша аударымдары кедейліктің деңгейін төмендетуде, әлеуметтік қабаттасудың (социальное расслоение) өршуін азайтқанда, ішкі тұтынуды ынталандыруда және валюталық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, бұл ішкі және елдер арасындағы теңсіздікті азайтуды мақсат еткен ТДМ 10 міндеттерімен тікелей байланысты. Шетелде алынған тәжірибе мигранттардың біліктілігін арттыруға ықпал етіп, олардың елге қайтуы экономикаға оң әсер етуі мүмкін. Дегенмен, сыртқы еңбек нарықтарына тәуелділіктің жоғары болуы ұлттық экономиканың осалдық деңгейін күшейтіп, сыртқы экономикаға тәуелділікті қалыптастырады және ішкі өндірісті дамытудың алдын алады. Осы тұрғыдан еңбек көші-қоны ішкі әлеуметтік-экономикалық диспропорцияларға бейімделу механизмі ретінде де, ТДМ 8 аясында белгіленген стратегиялық міндеттердің жүзеге асуына шектеу келтіретін фактор ретінде де қызмет етеді.



7-сурет 2023 жылғы Орталық Азия елдеріне және елдерінен келетін ақша аударымдарының көлемі (Түрікменстан бойынша деректер жоқ) (АҚШ долларымен).

Ескерту: авторлар https://www.migrationdataportal.org/international-data?i=stock_abs_origin&t=2024&cm49=398 дереккөз негізінде құрастырған

Figure 7 – The volume of money transfers to and from Central Asian countries in 2023 (no data for Turkmenistan) (in US dollars).

Note: authors compiled on the basis of a source

https://www.migrationdataportal.org/international-data?i=stock_abs_origin&t=2024&cm49=398

7-суретте көрсетілгендей, 2023 жылы ақша аударымдарының түсуі бойынша көшбасшылар қатарында Өзбекстан (13,9 млрд. АҚШ долл.), Тәжікстан (4,6 млрд. АҚШ долл.) және Қырғызстан (2,9 млрд. АҚШ долл.) болды. Қазақстан 2023 жылы ақша аударымдарының түсімі бойынша ең төменгі орынды иеленді (304 млн. АҚШ долл.). Ал ақша аударымдарының кетуі жағынан жағдай

мүлде басқаша: мұнда Қазақстан көшбасшы болып, кету көлемі 2,4 млрд АҚШ долларын құрады. Қазақстан тәуелсіздік жылдары негізінен көмірсутектер экспортына негізделген экономикалық даму моделін қалыптастырды және аймақтағы экономикалық даму деңгейі бойынша алдыңғы қатарда тұр. 2023 жылы елдің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 263,372 млн АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,1%-ға артық. ЖІӨ бір тұрғынға шаққанда 13,261 АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіштер Қазақстанды Орталық Азияның көші-қон жүйесіндегі донор ел ретінде сипаттайды.

Кесте деректеріне сәйкес, барлық ұсынылған елдерде Түркияға қоныс аударушылар санының айтарлықтай өсуі байқалады. Өзбекстаннан шыққан мигранттардың саны 2010 жылы 575 адамнан 2019 жылы 25 064 адамға дейін артқан. АҚШ-та тәжік мигранттарының саны 2010 жылы 210 болса, 2019 жылы 1069 адамға жеткен. Германияға көші-қон көрсеткіші 2010 жылы 235 адамнан 2019 жылы 1180 адамға көбейген (кесте). Бұл жағдай босқын мәртебесін алу немесе отбасын қайта біріктіру мүмкіндіктерімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, Жапония мен Польшаға көші-қон Өзбекстан азаматтарының Еуропа мен Азияға еңбек көші-қонына деген қызығушылығының артуын көрсетеді.

Орта Азиядан басқа елдерге көші-қон
Migration from Central Asia to other countries


Мемлекет	Көші-қон ағындары
Қазақстан	Туркия: 1365 (2010 г.), 9950 (2019 г.), Корея: 755 (2010 г.), 12469 (2019 г.)
Қырғызстан	Туркия: 1046 (2010 г.), 9950 (2019 г.), Корея: 1262 (2019 г.)
Тәжікстан	Туркия: 83 (2010 г.), 2350 (2019 г.), АҚШ: 210 (2010 г.) 1069 (2019 г.) Германия: 235 (2010 г.), 1180 (2019 г.)
Өзбекстан	Туркия: 575 (2010 г.), 25064 (2019 г.), Корея: 8567 (2010 г.) 25961 (2019 г.) Япония: 425 (2010 г.), 927 (2019 г.) Польша: 161 (2010 г.) 1118 (2019 г.)
<p><i>Дереккөз:</i> ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) көші-қон дерекқоры https://www.oecd.org/en/data/datasets/database-on-immigrants-in-oecd-and-non-oecd-countries.html. <i>Source:</i> OECD (Organization for Economic Cooperation and development) migration database https://www.oecd.org/en/data/datasets/database-on-immigrants-in-oecd-and-non-oecd-countries.html.</p>	

Орталық Азия елдерінің көші-қон үдерістеріне негізінен еңбекке жарамды жасөспірімдер қатысады және бұл үдеріс білікті кадрлардың ағымына алып келеді. Бір жағынан, зияткерлік көші-қон кадрлардың жоғалуына және аймақ елдерінің ғылыми-білім беру әлеуетінің төмендеуіне әсер етуі мүмкін. Екінші жағынан, тиімді «ақыл-ойдың айналымы» саясаты, халықаралық академиялық ынтымақтастық және мамандардың елге оралуына қолайлы жағдай жасау арқылы бұл үдеріс білім деңгейін арттыруға, экономиканы модернизациялауға және инновацияларды енгізуге маңызды құралға айнала алады, бұл өз кезегінде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Бірегей Түрікменстанды геосаяси және ақпараттық тұрғыдан оқшауланған елдердің бірі ретінде атап өту керек, бұл ондағы көші-қон үдерістері туралы салалық статистиканың жетіспеушілігін түсіндіреді. Демографиялық деректер негізінен көршілес елдердің статистикалық мәліметтерінен алынады, ол толық және нақты жағдайды көрсете алмайды. Жалпы, Түрікменстан халқының демографиялық сипаттамасы бойынша дереккөздер, ең алдымен, ұлттық статистика органдары ұсынатын ақпараттың сенімсіздігіне немесе мүлдем болмауына байланысты өте қайшылықты сипатқа ие. Түрікменстанның көші-қон моделі шектеуші сипатта болуымен қатар, мемлекет халықтың сыртқы көші-қонын барынша бақылауда ұстайды. Алайда, Түрікменстан авторларының қатысуымен жарияланған басылымдарда мұндай шектеулердің болуы туралы пікірлер жоққа шығарылады. Бүгінгі таңда Түрікменстанның мемлекеттік органдары өз азаматтарының шетелге шығуын, соның ішінде білім беру сапарларын да жасанды түрде шектейді.

Көптеген посткеңестік елдердегідей, Орталық Азияда да ауылдық жерлерден қалаларға көшу үдерісі қарқынды жалғасуда. Ауыл тұрғындары еңбекке орналасу, білім алу және медициналық қызметтерге қолжетімділікті жақсарту мақсатында Алматы (2023 жылы 2,195 млн адам), Ташкент (2023 жылы 2,956 млн адам), Бішкек (2024 жылы 1,2 млн адам) және Ашхабад (1 млн адам) сияқты ірі қалаларға қоныс аударуда. Аталған үрдіс бір жағынан қалалық кеңістікті жаңғыртуға серпін

берсе, екінші жағынан қалалық инфрақұрылым мен экологиялық жүйеге түсетін салмақты күшейтеді. Халықтың урбандалған орталықтарға шоғырлануы ауыл аймақтарындағы демографиялық және еңбек ресурстарының сарқылуына себеп болып, мигранттардың заңсыз тұруы мен бейресми жұмыспен қамтылу жағдайында қалаларды жоспарлау үдерісін одан әрі күрделендіреді. Аталған сұрақтар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 11-мақсатын («Тұрақты қалалар мен елді мекендер») жүзеге асыру аясында өзекті болып табылады.



8-сурет – ОА негізгі қалалары бойынша көші-қон сальдосы (Астана, Алматы, Ташкент, Бішкек, Душанбе).
ОА елдерінің Статистика агенттігінің ресми деректері.

Figure 8 – Migration balance for the main cities of Central Asia (Astana, Almaty, Tashkent, Bishkek, Dushanbe).
Official data of the statistics agency of the countries of CA.

<https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>; <https://www.stat.gov.kg/ru/statistics/naselenie/>;
<https://www.stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demography/>;

<https://www.stat.tj/ru/vypushen-statisticheskij-sbornik-demograficheskij-ezhegodnik-respubliki-tadzhikistan-2024/>

Мәселен, 8-суреттің деректері бойынша Алматы жоғары өмір сүру, жұмыспен қамту және дамыған инфрақұрылымның арқасында халықты тартудың орталығы болып қала береді. Халықтың ерекше жоғары ағыны 2015 жылы (+41 мың), 2019 жылы (+40 мың) және 2022 жылы (+37 мың) байқалды. Астанада 2016 жылы көші-қон үдерісінің күрт өсуі байқалды, бұл әлеуметтік-экономикалық даму бойынша мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы және құрылыс саласының қарқынды өсуімен байланысты болды. Ташкенттің көші-қон динамикасы 2013–2016 жылдардағы теріс көрсеткіштен тұрақты оң сальдоға өтуін көрсетеді. Оң баланс экономикадағы либерализациямен, жұмыспен қамтудың өсуімен және астанадағы жағдайдың жақсаруымен байланысты. 2020 жылы ішкі көші-қонның (медициналық қызметтер, баспана, жұмыс іздеу) нәтижесінде ең жоғары көрсеткіш – +71,6 мың адам тіркелді. Оң көші-қон динамикасы астананың экономикалық орталық ретіндегі рөлінің күшеюін білдіреді. Душанбе 2012 жылдан бері тұрақты оң баланс пен тұрақты оң көші-қон динамикасын көрсетеді, бұл жалпы Тәжікстандағы урбандалу жағдайында қаланың тартымдылығының артуын білдіруі мүмкін. Қалалар арасында тек Бішкек қаласында көші-қон сальдосы дерлік барлық жылдарда теріс болып отыр. Қала ұзақ уақыт бойы көші-қон тұрғысынан халықты жоғалтты, бұл негізінен экономикалық қиындықтар, төмен жұмыспен қамту немесе халықтың эмиграциясымен байланысты.

Талқылау. Тұрақты даму мақсаттарының 17-ші мақсаты – «Тұрақты дамудың мүддесіндегі еріптестік» аясында көші-қонды реттеу және мигранттардың лайықты еңбек жағдайларын қамта-

массыз ету саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызы артады. Осы мақсатқа жету үшін Орталық Азия елдеріне көші-қон заңнамасын үйлестіру, еңбек мигранттарының әлеуметтік қорғалу стандарттарын біріздендіру және өңірлік әрі халықаралық бастамалар шеңберіндегі диалогты жандандыру қажет.

Бүгінгі күнге дейін көші-қон саласында көптеген халықаралық құқықтық құжаттар ратификацияланды. Олардың қатарында Орталық Азияның барлық елдерінің еңбек мигранттарының және олардың отбасыларының құқықтарын қорғау жөніндегі БҰҰ Конвенциясына қосылуы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) қатысушы мемлекеттерінің еңбек мигранттарының және олардың отбасыларының құқықтық мәртебесі туралы Конвенциясы, ТМД елдері арасындағы еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім, Қазақстан мен Қырғызстан үшін ЕАЭО аясындағы Келісімдер, Алматы үдерісі – Орталық Азиядағы көші-қон және босқындарды қорғау мәселелері бойынша өңірлік диалог (UNHCR және ИОМ қолдауымен), Еңбек көші-қоны жөніндегі Орталық Азия бастамасы (ILO, IOM) – көші-қонды басқару, мигранттардың осалдықтарын төмендету және статистиканы жақсарту жобалары, екі мемлекет арасындағы еңбек көші-қоны туралы келісімдер және басқа да құжаттар бар.

Көптеген мемлекетаралық келісімдердің болуына қарамастан, олардың іске асырылуында бірқатар проблемалар бар, мұнда Түрікменстан көбінесе ерекшеленіп, көптеген келісімдерге қатыспайды. Сонымен қатар, өңірлік құқықтық механизмнің болмауы, мигранттардың құқықтарының жеткіліксіз сақталуы, рәсімдеудің күрделілігі және басқа да кедергілер байқалады. Аймақ мемлекеттері арасындағы тиімді үйлестіру мигранттардың осалдық деңгейін төмендетуге, олардың құқықтық қорғалуын арттыруға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді.

Қорытынды. Орталық Азия жоғары көші-қон мобильділігіне ие өңір болып қала береді. Экономикалық даму, тарихи, саяси және экологиялық факторлар Орталық Азиядағы көші-қон үдерістеріне айтарлықтай ықпал етуді жалғастырып, ішкі және сыртқы мигрант ағындарын қалыптастырады. Орталық Азия елдерінің сыртқы көші-қонында ең маңызды бағыттардың бірі – еңбек көші-қоны, оған еңбекке қабілетті халықтың едәуір бөлігі қатысады, ал ақша аударымдары еңбек мигранттарының отбасыларына маңызды экономикалық қолдау болып табылады.

Мемлекетаралық көші-қонда негізгі еңбек күші донорлары ретінде Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан алға шығады, ал Қазақстан өңірдің негізгі экономикалық орталығы және еңбек мигранттары үшін тартымды ел болып отыр. Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан азаматтары үшін басты тартымдылық орталығы – Ресей Федерациясы. Әсіресе жастар арасында көші-қонның баламалы бағыттары ретінде Оңтүстік Корея, Түркия, БАӘ, Еуропа елдері және АҚШ танымал. Зияткерлік көші-қон – қазіргі Орталық Азиядағы көші-қон үдерістерінің маңызды бағыттарының бірі. Тұрақты даму мақсаттарының контекстінде білікті мамандардың өңірден тысқа ағымы тұрақты даму үшін әрі сын-қатер, әрі әлеует болып табылады.

Орталық Азиядағы көші-қон бағыттары өңірішілік қозғалыстарды, яғни ауылдық аймақтардан қалаларға көшіп-қонуын қамтиды. Урбандалу үдерістері мен өмір сүру деңгейін жоғарылатуға ұмтылыс ірі мегаполистерге – Алматы, Астана, Ташкент, Бішкек, Душанбе және т.б. – жаппай қоныс аударуға әкеледі.

Сыртқы көші-қон еңбек күші донорлары елдерінің ЖІӨ-іне айтарлықтай үлес қосса, ішкі көші-қон қалалардың дамуын ынталандырады, бұл өз кезегінде жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді тудырады. Көші-қон саясаты мен интеграциялық үдерістерді оңтайландыру өңір елдеріне көші-қон әлеуетін тұрақты даму үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Талдау көрсеткендей, Орталық Азиядағы көші-қон Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге үлес қосады, алайда реттеудің неғұрлым тиімді тетіктерін талап етеді. Көші-қон саясатын жетілдірудің маңызды бағыттары келесі пункттерді қамтиды:

1. Еңбек мигранттарын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету (ТДМ 8 – лайықты жұмыс және экономикалық өсу, ТДМ 10 – теңсіздікті азайту).
2. Мигранттарды құқықтық қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту арқылы мемлекеттік қолдауды күшейту (ТДМ 16 – Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар).
3. Ішкі көші – қонның өсуіне бейімделу және еңбекке қабілетті халықтың көші-қон ағынының қарқынын төмендету үшін инфрақұрылымды, ұлттық өндірісті және қалалық ортаны дамыту (ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер).

4. Көші-қон ағындарын бақылаудың және мемлекетаралық қауіпсіздікті нығайтудың келісілген тетіктері үшін өңірдегі халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Қаржыландыру. Бұл ғылыми-зерттеу «Қазақстан-Орталық Азия» форматындағы ынтымақтастықтың аймақтық векторы» ЖТН АР19680321 атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] World Bank SDG Atlas, [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://datatopics.worldbank.org/sdgatlas?lang=en>
- [2] Цели устойчивого развития: Официальный сайт ООН [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://unstats.un.org/sdgs/report/2024/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2024.pdf>
- [3] Агентство по статистике при Президенте Республики Таджикистан [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.stat.tj>
- [4] Национальный статистический комитет Кыргызской Республики [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.stat.gov.kg>
- [5] Национальный комитет по статистике Республики Узбекистан [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.stat.uz>
- [6] Государственный комитет Туркменистана по статистике [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.stat.gov.tm>
- [7] Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://stat.gov.kz>
- [8] Международная организация по миграции [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://kazakhstan.iom.int/ru/dannye-i-resursy>
- [9] Ravenstein E.G. The Laws of Migration // Journal of the Statistical Society of London, 1885, June. – Vol. 48, No. 210.
- [10] Everett S. Lee A Theory of Migration // Demography. – 1966. – Vol. 3, No. 1.
- [11] John R. Harris and Michael P. Todaro. Migration, Unemployment and Development: A Two-Sector Analysis. – 1970. – Vol. 60, No. 1. – P. 126-142.
- [12] Glick Schiller, Basch & Blanc-Szanton. Towards a Transnational Perspective on Migration: Race, Class, Ethnicity, and Nationalism Reconsidered // Article in Annals of the New York Academy of Sciences. – 1992 January.
- [13] Castles, S. and Miller, M.J. – The age of migration. International population movements in the modern world. MacMillan Press LTD – London, 1998.
- [14] Hein de Haas. A theory of migration: the aspirations-capabilities framework. – 2021.
- [15] Oded Stark and David E. Bloom. The New Economics of Labor Migration // Papers and Proceedings of the Ninety-Seventh Annual Meeting of the American Economic Association (May, 1985). – 1985. – Vol. 75, No. 2. – P. 173-178.
- [16] Balmer B., Godwin M., Gregory J. The Royal Society and the “brain drain”: natural scientists meet social science // Notes and Records of The Royal Society. – 2009. – № 63(4). – P. 339-353.
- [17] Li W., Lo L., Lu Y., et al. Intellectual migration: considering China // Journal of Ethnic and Migration Studies. – 2020. – № 47(12). – P. 2833-2853. DOI: 10.1080/1369183X.2020.1739393
- [18] Садовская Е.Ю. Некоторые политические аспекты эмиграции русскоязычного населения из Казахстана // Современные этнополитические процессы и миграционная ситуация в Центральной Азии / Под ред. Г. Витковской. – М.: Центр Карнеги, 1998. – Pomfret, 2019.
- [19] Richard Pomfret. – 2019 (Jan 15). – The Central Asian Economies in the Twenty-First Century: Paving a New Silk Road.
- [20] Marlene Laruelle. – Central Peripheries: Nationhood in Central Asia. – 2021. – P. 1-14.
- [21] Дадабаева З. А. Независимое развитие Республики Таджикистан в период с 1991 по 2021 год // Геоэкономика энергетики. – 2022. – № 1(17). – С. 61-79.
- [22] Nyussupova, G., Aidarkhanova, G., Kenespayeva, L., Kelinbayeva, R., International Journal of Geoinformatics. – 2022. – No. 18 (1 Special Issue). – P. 15-25. Analysis of Human Capital in the Republic of Kazakhstan through GIS: Regional Aspect.

REFERENCES

- [1] World Bank SDG Atlas, [Electronic. resource]. 2024. – URL: <https://datatopics.worldbank.org/sdgatlas?lang=en>
- [2] Sustainable Development Goals: The official website of the United Nations [Electron. resource]. 2025. – URL: <https://unstats.un.org/sdgs/report/2024/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2024.pdf>
- [3] Agency for Statistics under the President of the Republic of Tajikistan [Electronic. resource]. 2025. – URL: <https://www.stat.tj>
- [4] National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic [Electronic. resource]. 2025. – URL: <https://www.stat.gov.kg>
- [5] National Committee on Statistics of the Republic of Uzbekistan [Electronic. resource]. 2025. – URL: <https://www.stat.uz>
- [6] The State Committee of Turkmenistan on Statistics [Electronic. resource]. 2025. – URL: <https://www.stat.gov.tm>

- [7] Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. 2025. – URL: <https://stat.gov.kz>
- [8] International Organization for Migration [Electron. resource]. 2025. – URL: <https://kazakhstan.iom.int/ru/dannye-i-resursy>
- [9] Ravenstein E.G. The Laws of Migration // Journal of the Statistical Society of London, 1885. June. Vol. 48, No. 210.
- [10] Everett S. Lee A Theory of Migration // Demography. 1966. Vol. 3, No. 1.
- [11] John R. Harris and Michael P. Todaro. Migration, Unemployment and Development: A Two-Sector Analysis. 1970. Vol. 60, No. 1. P. 126-142.
- [12] Glick Schiller, Basch & Blanc-Szanton. Towards a Transnational Perspective on Migration: Race, Class, Ethnicity, and Nationalism Reconsidered. Article in Annals of the New York Academy of Sciences. 1992, January.
- [13] Castles, S. and Miller, M.J. The age of migration. International population movements in the modern world. MacMillan Press LTD. London, 1998.
- [14] Hein de Haas. A theory of migration: the aspirations-capabilities framework. 2021.
- [15] Oded Stark and David E. Bloom. The New Economics of Labor Migration // Papers and Proceedings of the Ninety-Seventh Annual Meeting of the American Economic Association (May, 1985), 1985. Vol. 75, No. 2. P. 173-178.
- [16] Balmer B., Godwin M., Gregory J. The Royal Society and the “brain drain”: natural scientists meet social science // Notes and Records of The Royal Society. 2009. No. 63(4). P. 339-353.
- [17] Li W., Lo L., Lu Y., et al. Intellectual migration: considering China // Journal of Ethnic and Migration Studies. 2020. No. 47(12). P. 2833-2853. DOI: 10.1080/1369183X.2020.1739393
- [18] Sadovskaya E.Y. Some political aspects of the emigration of the Russian-speaking population from Kazakhstan // Modern ethnopolitical processes and the migration situation in Central Asia / Edited by G. Vitkovskaya. Moscow: Carnegie Center, 1998. Pomfret, 2019.
- [19] Richard Pomfret. 2019 (Jan 15). The Central Asian Economies in the Twenty-First Century: Paving a New Silk Road.
- [20] Marlene Laruelle. Central Peripheries: Nationhood in Central Asia. 2021. P. 1-14.
- [21] Dadabayeva Z.A. Independent development of the Republic of Tajikistan in the period from 1991 to 2021 // Geoeconomics of energy. 2022. No. 1(17). P. 61-79.
- [22] Nyussupova, G., Aidarkhanova, G., Kenespayeva, L., Kelinbayeva, R. // International Journal of Geoinformatics. 2022. No. 18 (1 Special Issue), P. 15-25. Analysis of Human Capital in the Republic of Kazakhstan through GIS: Regional Aspect.

Р. Ж. Келинбаева¹, Б. К. Сарсенова^{*2}

¹ Phd, ведущий научный сотрудник (Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан; zhar80@mail.ru)

^{2*} Докторант (Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан; bayansulusarsenova@gmail.com)

МИГРАЦИЯ НАСЕЛЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация. Дан комплексный анализ тенденций миграционных процессов в странах Центральной Азии в контексте демографических изменений и социально-экономической трансформации региона. На основе официальных статистических данных отдельных стран Центральной Азии и мировых банков данных (Всемирный банк, МОТ, ООН) выявлены основные тенденции внутренней и внешней миграции в Казахстане, Кыргызстане, Узбекистане, Таджикистане и Туркменистане за период 2010-2023 гг. Особое внимание уделено оценке влияния миграции на устойчивость национальных экономик, развитие инфраструктуры, рынка труда и социальную мобильность населения. Отдельно рассмотрены такие явления, как отток высококвалифицированных кадров, усиление зависимости ряда стран от денежных переводов трудовых мигрантов, формирование новых миграционных связей с дальним зарубежьем. Особое внимание уделено взаимосвязи рассматриваемых в статье миграционных процессов с реализацией Целей устойчивого развития ООН (ЦУР 8, 10 и 11). Проведенный анализ позволяет сделать вывод о том, что миграция играет двойную роль: как источник новых рисков для долгосрочной стабильности развития региона, так и фактор адаптации к внутренним социально-экономическим вызовам.

Ключевые слова: миграция населения, Центральная Азия, устойчивое развитие, ТМР, социально-экономическое развитие.

R. Zh. Kelinbayeva¹, B. K. Sarsenova*²

¹ PhD, Leading Researcher

(R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan; zhar80@mail.ru)

² *PhD student

(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; bayansulusarsenova@gmail.com)

MIGRATION IN CENTRAL ASIA IN THE CONTEXT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of migration trends in the countries of Central Asia in the context of demographic change and socio-economic transformation of the region. Based on official statistical data from individual Central Asian countries and global databases (the World Bank, the International Labour Organization, and the United Nations), the main trends of internal and international migration in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Tajikistan, and Turkmenistan for the period 2010–2023 are identified. Attention is paid to assessing the impact of migration on the sustainability of national economies, infrastructure development, labor markets, and social mobility of the population. The study also examines such phenomena as the outflow of highly skilled professionals, the increasing dependence of several countries on remittances from labor migrants, and the emergence of new migration linkages with non-regional and distant countries. Special emphasis is placed on the relationship between migration processes and the implementation of the United Nations Sustainable Development Goals (SDGs 8, 10, and 11). The article also emphasizes the relationship between the migration processes under consideration and the implementation of the United Nations Sustainable Development Goals (SDGs 8, 10, and 11). The analysis leads to the conclusion that migration plays a dual role: acting both as a source of new risks to long-term regional development and as a mechanism for adaptation to internal socio-economic challenges.

Keywords: population migration, Central Asia, sustainable development, SDGs, socio-economic development.